

"Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну Ережесін бекіту жөнінде"

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитеті 2000 жылғы 11 қаңтар N 6-Ө бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді тіркеу басқармасы 2000 жылғы 02 наурыз өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп тіркелді. Тіркеу N 1069. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2003 жылғы 6 қазандағы N 359 қаулысымен.

Ескерту. Бұйрықтың атауы өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін реттеу жөніндегі комитетінің нормативті құқықтық актілерін қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою құжаттарын ұсыну Ережесі" бекітілсін .

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Ұлттық зейнетақы агенттігінің 1998 жылғы 09-шы маусымдағы N 73 -Ө бұйрығымен бекітілген (1998 жылғы 02 қыркүйектегі N 597 мемлекеттік тіркелім). "Жинақтаушы зейнетақы қорларының зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру үшін алушы ұсынған құжаттарды қарау тәртібі туралы нұсқаулық" күші жойылған деп есептелсін .

3. Заң бөлімі (Лысенко Ю.Н.) осы бұйрықпен бекітілген "Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін алу немесе зейнетақы жинақтарын алып қою құжаттарын ұсыну ережесін" Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркетсін .

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

Төрағаның міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік
қорғау министрімен
КЕЛІСІЛГЕН

05.02.2000 ж.

Қазақстан Республикасы Еңбек
және халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы
зейнетақы қорларының қызметін
реттеу жөніндегі комитетінің
N 6-Ө 2000 жылдың 11
қаңтарындағы бұйрығымен

БЕКІТІЛГЕН

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына зейнетақы төлемдерін
алу немесе жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою
құжаттарын ұсыну ережесі**

Ескерту. Ереженің атауы өзгерді, мәтін бойынша "осы Нұсқаулық" деген сөздер "осы Ереже" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан былай - Заң), Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Жинақтаушы зейнетақы қорларынан зейнетақы төлемдерін төлеуді жүзеге асыру тәртібін бекіту туралы" қаулысына сәйкес әзірленді .

Ереже зейнетақы төлемдерін алуға (жинақталған зейнетақы қаражатын алып қоюға) құқықтары бар тұлғалар категориясын (бұдан былай - Алушы, Алушылар) анықтайды, осы құқықты растайтын құжаттар тізбесін, оларды жинақтаушы зейнетақы қорларына ұсыну мен жинақтаушы зейнетақы қорларының ол құжаттарды қарау тәртібін белгілейді.

Ескерту. Кіріспе өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Жинақтаушы зейнетақы қорларынан (бұдан былай - Қор) мына тұлғалардың зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар:

- ерікті және міндетті зейнетақы жарналарының есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар, зейнетақы төлемдерін алуға келген кезде Заңның 9 бабында белгіленген жасқа жеткен зейнеткерлер;

- Заңның 9 бабында белгіленген жасқа жетпегеніне қарамастан, ерікті және міндетті зейнетақы жарналары мен сіңірген еңбегіне зейнетақы төлемдерін алуға құқығы бар, зейнетке шыққан зейнеткер - ішкі істер органының қызметкерлері, бұрынғы әскери қызметкерлер;

- мүгедектік алған, ерікті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы жинақтары бар тұлғалар;

- ерікті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар,

асыраушысынан айрылған тұлғалар;

- қайтыс болған Алушының іс-әрекет жасай алатын отбасы мүшесі немесе қайтыс болған Алушыны жерлеуді жүзеге асырған тұлға;

- кем дегенде 35 жыл салған ерікті зейнетақы жарналары есебінен, 55 жасқа жетіп еңбек етпейтін және еңбек етуді қойған тұлғалар;

Ескерту: тек 2033 жылдың қаңтарынан кейін ғана осы негізде зейнетақы төлемдерін алу құқығы болады.

- 55 жасқа жеткен, ал Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жағдайда 50 жасқа жеткен, қорға кем дегенде 10 жыл ерікті зейнетақы жарналарын салған тұлғалар.

Ескерту: тек 2008 жылдың қаңтарынан кейін ғана осы негізде зейнетақы төлемдерін алу құқығы болады.

Ескерту. 1-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

2. Қордан жинақталған зейнетақы қаражатын алып қоюға құқығы бар тұлғалар :

- ерікті және міндетті зейнетақы жарналары есебінен жинақталған зейнетақы қаражаты бар, Қазақстан Республикасынан шет жерге тұрақты түрде тұру үшін көшкен тұлғалар ;

- қайтыс болған алушының мұрагері.

3. Алушы оның жинақталған зейнетақы қаражаты жиналған қорға 1-ші немесе 3-ші қосымшаға сәйкес (осы Ереженің 18 және 19 тармақтарында көрсетілген Алушылардан басқа) нысандағы ерікті және міндетті зейнетақы жарналардың есебінен зейнетақы төлемдерін тағайындау немесе нысандағы жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою туралы өтініш (бұдан былай - өтініш) беруге құқығы бар.

4. Бір себептердің күшімен Алушы өтінішті жеке рәсімдей алмаған жағдайда, ол басқа адамға (бұдан былай - сенімді адам) өзінің атынан өтінішті рәсімдеуге нотариалды куәландырылған сенімхат беруге құқылы.

Сенімхаттың нысаны мен мазмұны Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес болуы тиіс .

Ескерту. 4-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

5. Сенімді адам Алушының жинақталған зейнетақы қаражаты жиналған Қорға Қосымша 2 және Қосымша 3 формаларына сәйкес (осы Ереженің 18 және 19 тармақтарында көрсетілген Алушылардың сенімді адамдарынан басқа) өтініш беруге құқылы .

6. Алушының өтініші негізінде Қор жеке зейнетақы есеп шотындағы жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын тексереді, зейнетақы төлемдерін

төмендегі жағдайларда жүзеге асырады:

- 1) Алушыға берілетін зейнетақы төлемінің мөлшері заң актілерімен белгіленген айлық есеп айырысу көрсеткішінен төмен болмауы тиіс;
- 2) зейнетақы төлемін алу мезгілі бір айда бір реттен жиі болмауы тиіс;
- 3) егер Алушының жеке зейнетақы есеп шотындағы жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы заң актілерімен белгіленген айлық есеп айырысу көрсеткішінен аз болса, онда зейнетақы төлемдері жинақтарының барлық сомасы мөлшерінде бірақ рет жүргізіледі.

7. Қор Алушының жазбаша өтініші негізінде:

- зейнетақы төлемдерін нақты ақшалай жүзеге асыруға;
- Алушыға тиісті ақшаны оның нұсқауы негізінде, заңмен белгіленген тәртіппен кез келген банкке, оның ішінде шетелдікте, аударуға құқылы.

8. Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты өмір сүретін Алушыға ақша аудару заңмен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

9. Қор валюталық операцияларды өткізу жөніндегі банктік қызметке акт төлеуді, аударуға тиісті ақшадан банк-кастодианның, Алушы банкінің және Қордың тарифтеріне сәйкес жүргізеді.

2. Зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруға Алушылардың ұсынатын құжаттар тізбесі

10. Заңда белгіленген зейнеткер жасына жеткен Алушылар Қорға өтінішпен бірге төлқұжатты (жеке куәлігін) ұсынады.

11. Төтенше және радиациялық өте қатерлі аймақтарда 1949 жылғы тамыздың 29-нан 1963 жылғы шілденің 5-і аралығы кезеңінде 10 жылдай тұрған азаматтар қорға өтінішпен бірге:

- төлқұжатты (жеке басының куәлігін);
- сол аймақтарда тұрғанын растайтын құжаттарды (немесе олардың көшірмесін);

- Заңның 9 бабы 2-ші тармағының негізінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың филиалы (бөлімі) берген зейнеткер куәлігін ұсынады.

12. 5 және одан да көп бала туған және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген ауылдық жерлерде тұратын әйелдер Қорға өтінішпен бірге:

- ауылдық жерлерде тұратынын растайтын құжаттарды (немесе олардың көшірмесін);

- Заңның 9 бабы 3-ші тармағының негізінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың филиалы (бөлімі) берген зейнеткер куәлігін ұсынады.

Ескерту. 12-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

13. Заңның 60-шы бабындағы 1-ші тармақта қаралған негіз бойынша сіңірген еңбегі үшін қарулы күштер қызметінен (дербес құрам тізімінен шығарылып

тасталғандар), ішкі істер министрлігінен босатылған тұлғалар Қорға өтінішпен және зейнетақы келісім-шартымен бірге сіңірген еңбегі үшін зейнетақы тағайындау кезінде тиісті министрлік пен ведомствоның қаржы қызметі берген зейнеткер куәлігін ұсынады. Бұл зейнеткер куәлігі зейнетақы төлемі үшін негіз болып табылады.

14. Алушы қайтыс болған жағдайда қайтыс болған Алушының іс-қимыл жасай алатын отбасы мүшелері немесе жерлеген адам жинақталған зейнетақы қаражаты қалыптасқан Қордан кез келген уақытта жерлеуге берілетін біржолғы төлемді алуға құқылы. Мұндайда Қорға ұсынылуы тиіс:

- қайтыс болған Алушының іс-қимыл жасай алатын отбасы мүшесінің немесе жерлеген адамның төлқұжаты (жеке куәлігі);
- нотариалды куәландырылған Алушының қайтыс болғаны туралы куәліктің көшірмесі.

15. Мүгедектік алған және ерікті жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен зейнетақы жинақтары бар Алушылар Қорға өтінішпен бірге:

- төлқұжат (жеке куәлік);
- зейнеткер куәлігін ұсынуы тиіс.

16. Асыраушысынан айрылған және ерікті жинақталған зейнетақы қаражаты есебінен зейнетақы жинақтары бар Алушылар Қорға өтінішпен бірге:

- төлқұжат (жеке куәлік);
- зейнеткер куәлігін ("асыраушысынан айрылды" деген белгісі бар) ұсынады.

3. Жинақталған зейнетақы қаражатын алып қоюға ұсынылатын құжаттар тізбесі

17. Қазақстан Республикасынан шет жерге тұрақты түрде тұру үшін көшіп кеткен Алушы жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою кезінде Қорға белгіленген үлгідегі өтінішпен бірге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) Қазақстан Республикасының азаматы - рұқсат беретін жазуы бар көшу мақсаты көрсетілген - "тұрақты тұру орны", шығар мерзімі көрсетілген, визалық мөрмен және төлқұжат және визалық жұмыстар Басқарма бастығының немесе оның орынбасарының қолымен бекітілген төлқұжат, соңғы жұмыс орнынан босатылғаны туралы құжаттың көшірмесі, мекен-жайындағы тіркеуден шыққандығы туралы белгісі бар кету парағы.

2) шетелдік азаматтар - тұрақты тұру орнына шығар визасы бар төлқұжат, соңғы жұмыс орнынан босатылғаны туралы құжаттың көшірмесі, мекен-жайындағы тіркеуден шыққандығы туралы белгісі бар кету парағы егер де басқасы Қазақстан Республикасының сол мемлекетпен халықаралық келісімдерімен ескерілмесе. Басқа тәртіп бар болған жағдайда Алушы оған

сәйкес халықаралық келісіммен анықталған көшуге қажетті құжаттарды ұсынады

3) азаматтығы жоқ тұлға - тұрақты тұру орнына шығар визасы бар азаматтығы жоқ жеке куәлік (серия А), соңғы жұмыс орнынан босатылғаны туралы құжаттың көшірмесі, мекен-жайындағы тіркеуден шыққандығы туралы белгісі бар кету парағы егер де басқасы Қазақстан Республикасының сол мемлекетпен халықаралық келісімдерімен ескерілмесе. Басқа тәртіп бар болған жағдайда Алушы оған сәйкес халықаралық келісіммен анықталған көшуге қажетті құжаттарды ұсынады.

Ескерту. 17-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

18. Қазақстан Республикасынан шет жерге тұрақты түрде тұру үшін көшіп бара жатқан Алушы жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою кезінде Қорға өз қолымен еркін түрде жазылған тұрақты тұру орнына көшуіне байланысты жинақталған зейнетақы қаражатын төлеу туралы сұранысын, жинақталған зейнетақы қаражатын аудару үшін толық банкілік деректемелерін, сондай-ақ алушының тұруға баратын еліндегі телефон нөмірі көрсетілген өтінішпен бірге мынадай құжаттар :

1) Қазақстан Республикасының азаматы - шығатын еліне тұруға рұқсат құжатының белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және заңды болған көшірмесі не шетелдік азаматтарға кеткен елінде тұрақты тұруы үшін берілетін өзге де құжат ;

2) шетелдік азаматтар - шығатын еліне берілген рұқсат құжатының белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған көшірмесі, не тұрақты тұру орнына шығуына Қазақстан Республикасының визасы бар белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған төлқұжат көшірмесі, не Қазақстан Республикасының сәйкес мемлекетпен халықаралық келісіммен анықталған тәртіп бойынша шығуға қажет басқа да құжаттар ;

3) азаматтығы жоқ тұлға - шығатын елінде тұру үшін азаматтығы жоқ тұлғаларға берілетін белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған құжаттың көшірмесі ұсынылады.

Ескерту. 18-тармақ толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

19. Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге уақытша жеке істерімен кеткен және кеткен елінде тұрақты тұруды рәсімдегісі келетінін білдірген Алушы, жинақталған зейнетақы қаражатын алып қоярда өтінішпен бірге мынадай құжаттарды :

1) Қазақстан Республикасының азаматы - Қазақстан Республикасының кеткен

елдегі дипломаттық немесе консулдық өкілдігінің шет елде тұрақты тұрып қалуына рұқсат етілгенін растайтын белгісі қойылған, белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырып және жариялы болған төлқұжаттың көшірмесін;

2) шетел азаматы - шығатын еліне берілген рұқсат құжатының белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған көшірмесі, не тұрақты тұру орнына шығуына Қазақстан Республикасының визасы бар белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған төлқұжат көшірмесі, не Қазақстан Республикасының сәйкес мемлекетпен халықаралық келісіммен анықталған тәртіп бойынша шығуға қажет басқа да қ ұ ж а т т а р ;

3) азаматтығы жоқ тұлға - шығатын елінде тұру үшін азаматтығы жоқ тұлғаларға берілетін белгіленген тәртіппен нотариалды куәландырылған және жариялы болған құжаттың көшірмесі ұсынылады.

20. Осы Ереженің 17, 18, 19 тармақтарында белгіленген жағдайларда, жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою кезінде Алушының жасы кәмелетке толмаса, аталған тармақтарда берілген құжаттардың не түпнұсқасын немесе өздерімен бірге кетіп бара жатқан кәмелетке толмаған балалар туралы ақпарат бар ата-анасының, асырап алушылардың, қамқоршылардың, опекундардың не түпнұсқасы немесе нотариалды куәландырылған және қажет болған жағдайда жариялы болған құжаттарының көшірмесі ұсынылады.

2 1 . < * >

Ескерту. 21-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

22. Алушы қайтыс болған жағдайда Алушының мұрагерлері жерлеуге жинақталған зейнетақы қаражатының мұраға берілетін бөлігін алу үшін қайтыс болушының жинақталған зейнетақы қаражаты жиналған Қорға заңда белгіленген мерзімде келуіне құқылы. Мұндайда мұрагерлер Қорға:

- төлқұжат (жеке куәлігі);

- Алушының қайтыс болуы туралы куәлігінің нотариалды түрде расталған көшірмесі ;

- мұраға құқығы барлығы туралы куәліктің нотариалды түрде расталған көшірмесі ұсынуы тиіс.

4. Зейнетақы төлемдерін алуға ұсынылатын құжаттарды қарау тәртібі

23. Осы Ереженің 1-ші тармағына сәйкес зейнетақы төлемдері ("жерлеуге" басқадан), өтініш тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жүргізілуі керек.

Ескерту. 23-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

24. Заңның 25 бабындағы 4 тармағына сәйкес жерлеуге арналған біржолғы төлем өтініш берген күннен бастап 5 (бес) банкілік күннен кешіктірілмей жүргізіледі.

25. Қор Алушының зейнетақы төлемдерінің мөлшерін анықтайды және тапсырыстың жалпы сомасын Компанияға қосады. Қор зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезімен бір мезгілде банк-кастодианға (бұдан былай - Кастодиан) зейнетақы төлемдерінен ұсталған табыс салығын аударуға төлем тапсырысын ұсынуға міндетті.

5. Зейнетақы жинақтарын алып қоюға ұсынылатын құжаттарды қарау тәртібі

26. Жинақталған зейнетақы қаражатының төлемі Алушыға зейнетақы келісім-шарты бұзылғанға дейін жүзеге асырылуы керек.

27. Алушы Қорға зейнетақы келісім-шартын бұзатын күнге дейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Қазақстан Республикасынан шет жерге тұрақты түрде тұру үшін кетуіне байланысты жинақталған зейнетақы қаражатын алып қою туралы өтінішін ұсынады.

28. Қор Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының мөлшерін анықтайды және тапсырыстың жалпы сомасын Компанияға қосады. Қор зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезімен бір мезгілде банк-кастодианға (бұдан былай - Кастодиан) зейнетақы төлемдерінен ұсталған табыс салығын аударуға төлем тапсырысын ұсынуға міндетті.

29. Жинақталған зейнетақы қаражатын алатын құжаттарды рәсімдеген жауапты тұлғаның қолы қойылған Алушының Жеке куәлігінің (төлқұжаттың) жарық көшірмесі Қорда қалады.

3 0 . < * >

Ескерту. 30-тармақ алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

31. Қайтыс болған Алушының мұрагерлеріне жинақталған зейнетақы қаражатының төлемін оның жеке зейнеткер шотындағы қаржы қалдығының шегінде өтініш тіркелген күннен бастап 30 (отыз) күннен кешіктірмей жүргізеді.

Ескерту. 31-тармақ өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .

32. Қор Алушыға төленетін жинақталған зейнетақы қаражатының сомасын анықтайды және тапсырыстың жалпы сомасын Компанияға қосады. Қор зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру кезімен бір мезгілде банк-кастодианға зейнетақы төлемдерінен ұсталған табыс салығын аударуға төлем тапсырысын ұсынуға міндетті. Алушының жинақталған зейнетақы қаражатының төлемін зейнетақы келісім-шартын бұзу уақытына дейін жүргізу керек.

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
к о м и т е т і н і ң
2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө
бұйрығымен
Жинақтаушы зейнетақы қорларына
зейнетақы төлемдерін алу немесе
жинақталған зейнетақы қаражатын
алып қою құжаттарын ұсыну ережесіне
1-қосымша

*Ескерту. 1-қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .*

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(Қордың атауы)

**Алушының зейнетақы төлемдерін алуға
ӨТІНІШ**

Мен,-----

тегі-----

аты -----

әкесінің аты-----

К ү н і А й ы Ж ы л ы

Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты
К ү н і А й ы Ж ы л ы

Сериясы ----- Нөмірі----- Берілді-----

(кім берген)

Әлеуметтік дербес коды (ӘДК) N-----

ТСН -----

Дербес зейнетақы шоты -----

-- зейнеткерлік жасына жетуіме; -- төтенше және барынша

р а д и а ц и я л ы қ

-- қарулы күштерде, ішкі істер қатерлі өңірлерде

органдарында еңбек сіңірген тұрғаныма;
жылдары бойынша зейнеткерлікке
шығуыма;

ауылдық жерде тұрып, 5 және одан асыраушыдан айырылуыма;
да көп бала тауып және мүгедектікке ұшырауыма;

т ә р б и е л е у і м е ;

алушының қайтыс болуына

(ж е р л е у г е) ;

Байланысты

зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартына сәйкес міндетті,
ерікті (керегін сызу керек) зейнетақы жарналарының есебінен маған зейнетақы
төлемдерін жүргізуді өтінемін

N _____ " _____ " _____ 200__ жыл,

ай сайын;

жинақталған зейнетақы қаражатының

барлық сомасын біржолы;

белгіленген соманы;

квартал сайын;

мынадай деректемелер бойынша ақшаны аудару:

----- (банктің атауы, банк
шотының нөмірі, жеке шотының нөмірі, банктің
МФО - сы, банктің ТСН - і)

Мына мекен-жайда тұрамын: индекс-----обл.
-----қ.(пос., с.),-----көшесі,
үй N--, пәт.N--, үй телефоны -----, жұмыс телефоны-----

Алушы: -----

(қ о л ы)

Өтініш жазылған күн " ____ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ____ " _____ 200__ жыл

----- (ТАӘ,
қызметі, қолы)

Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл

-----Алушыға _____

(Т А Ә)

Өтініш Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ____ " _____ 200__ жыл -----

(ТАӘ, қызметі, қолы)

МО

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
к о м и т е т і н і ң
2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө
бұйрығымен
Жинақтаушы зейнетақы қорларына
зейнетақы төлемдерін алу немесе
жинақталған зейнетақы қаражатын
алып қою құжаттарын ұсыну ережесіне
2-қосымша

*Ескерту. 2-қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .*

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(Қордың атауы)

**Сенім берілген тұлғаның зейнетақы төлемдерін алуға
ӨТІНІШ**

Мен,-----

(тегі, аты, әкесінің аты)

N-----ж., алушының мүддесі үшін сенімхат негізінде
і с - қ и м ы л ж а с а й т ы н

тегі -----

аты -----

әкесінің аты-----

К ү н і А й ы Ж ы л ы

Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты

К ү н і А й ы Ж ы л ы

Сериясы ----- Нөмірі----- Берілді-----

(к і м б е р г е н)

Әлеуметтік дербес коды (ӘДК) N-----

ТСН -----

Дербес зейнетақы шоты -----

-- зейнеткерлік жасына жетуіме; -- төтенше және барынша

-- қарулы күштерде, ішкі істер радиациялық қатерлі
органдарында еңбек сіңірген өңірлерде тұрғаным;
жылдары бойынша зейнеткерлікке
шығуыма;
ауылдық жерде тұрып, 5 және одан асыраушыдан айырылуыма;
да көп бала тауып және мүгедектікке ұшырауыма;
тәрбиелеуіме;
алушының қайтыс болуына

(жерлеуге);

Байланысты зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартына сәйкес міндетті, ерікті (керегін сызу керек) зейнетақы жарналарының есебінен оған зейнетақы төлемдерін жүргізуді өтінемін

N _____ " _____ " _____ 200__ жыл,
ай сайын; жинақталған зейнетақы қаражатының

барлық сомасын біржолы;

белгіленген соманы;

квартал сайын;

мынадай деректемелер бойынша ақшаны аудару:

----- (банктің атауы, банк
шотының нөмірі, жеке шотының нөмірі, банктің
МФО-сы, банктің ТСН-і)

Мына мекен-жайда тұрамын: индекс-----обл.

-----қ.(пос., с.),-----көшесі,

үй N-----, пәт.N-----, үй телефоны -----, жұмыс телефоны-----

Сенім берілген тұлға:-----

(қ о л ы)

Өтініш жазылған күн " ____ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ____ " _____ 200__ жыл

(ТАӨ, қызметі, қолы)

Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл

----- Сенім берілген тұлғаға__

(Т А Ә)

Алушының _____

(ТАӨ)

Өтініш Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ____ " _____ 200__ жыл

(ТАӘ, қызметі, қолы)

МО

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және
халықты әлеуметтік қорғау
министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы
қорларының қызметін реттеу жөніндегі
к о м и т е т і н і ң
2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө
бұйрығымен
Жинақтаушы зейнетақы қорларына
зейнетақы төлемдерін алу немесе
жинақталған зейнетақы қаражатын
алып қою құжаттарын ұсыну ережесіне
3-қосымша

*Ескерту. 3-қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .*

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(Қордың атауы)

**Алушының жинақталған зейнетақы
қ а р а ж а т ы н а л ы п қ о ю ғ а
ӨТІНІШ**

Мен,-----

тегі-----

аты -----

әкесінің аты -----

К ү н і А й ы Ж ы л ы

Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты
К ү н і А й ы Ж ы л ы

Сериясы ----- Нөмірі----- Берілді-----

(к і м б е р г е н)

Әлеуметтік дербес коды (ӘДК) N -----

ТСН -----

Дербес зейнетақы шоты -----

Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұруыма;

алушының қайтыс болуына _____

(Т. А. Ә., туған күні)

Байланысты зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартына сәйкес міндетті, ерікті (керегін сызу керек) зейнетақы жарналарының есебінен

жинақталған зейнетақы қаражатын алып қоямын
N _____ " _____ " _____ 200__ жыл,

нақты ақшамен;

мынадай деректемелер бойынша ақшаны аудару:

----- (банктің атауы, банк

шотының нөмірі, жеке шотының нөмірі, банктің
МФО-сы, банктің ТСН-і)

----- Алушы:-----

(қолы)

Өтініш жазылған күн "___" _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым "___" _____ 200__ жыл -----

(ТАӘ, қызметі, қолы)

Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл -----

Алушыға _____

—

(ТАӘ)

Өтініш Қорда тіркелді: N _____ " _____ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым "___" _____ 200__ жыл

(ТАӘ, қызметі, қолы)

МО

Б Е К І Т І Л Д І

Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау

министрлігінің Жинақтаушы зейнетақы

қорларының қызметін реттеу жөніндегі

к о м и т е т і н і ң

2000 жылғы 11 қаңтардағы N 6-Ө

бұйрығымен

Жинақтаушы зейнетақы қорларына

зейнетақы төлемдерін алу немесе

жинақталған зейнетақы қаражатын
алып қою құжаттарын ұсыну ережесіне
4-қосымша

*Ескерту. 4-қосымша өзгерді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының
2002 жылғы 2 қыркүйектегі N 358 қаулысымен .*

Назар аударыңыз! Өтініш баспа әріптерімен анық толтырылады

Кімге:-----

(Қордың атауы)

**Сенім берілген тұлғаның жинақталған
зейнетақы қаражатын алып қоюға
ӨТІНІШ**

Мен, -----

(тегі, аты, әкесінің аты)

N-----ж., алушының мүддесі үшін сенімхат негізінде іс-қимыл
ж а с а й т ы н

тегі-----

аты -----

әкесінің аты-----

Күні Айы Жылы

Туған күні -----

Құжат түрі: -- Жеке басының куәлігі -- Төлқұжаты

Күні Айы Жылы

Сериясы ----- Нөмірі----- Берілді-----

(кім берген)

Әлеуметтік дербес коды (ӘДК) N-----

ТСН -----

Дербес зейнетақы шоты -----

Қазақстан Республикасынан тыс тұрақты тұруыма;
алушының қайтыс болуына_____

(Т.А. Ә., туған күні)

Байланысты зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шартына сәйкес
міндетті, ерікті (керегін сызу керек) зейнетақы жарналарының есебінен

жинақталған зейнетақы қаражатын алып қояды

N _____ " _____ " _____ 200 _____ жыл,

н а қ т ы а қ ш а м е н ;

мынадай деректемелер бойынша ақшаны аудару:

(банктің атауы, банк шотының нөмірі, жеке шотының нөмірі, банктің
МФО-сы, банктің ТСН-і) -----
-

Мына мекен-жайда тұрамын: индекс-----обл.
-----қ.(пос., с.),-----көшесі,
үй N--, пәт.N----, үй телефоны -----, жұмыс телефоны-----

Сенім берілген тұлға:-----

(қ о л ы)

Өтініш жазылған күн " ___ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ___ " _____ 200__ жыл

(ТАӘ, қызметі, қолы)

Қорда тіркелді: N _____ " ___ " _____ 200__ жыл -----

----- Сенім берілген тұлға _____

(Т А Ә)

Алушының _____

(ТАӘ)

Өтініш Қорда тіркелді: N _____ " ___ " _____ 200__ жыл

Өтінішті қабылдадым " ___ " _____ 200__ жыл

(ТАӘ, қызметі, қолы)

МО